

FTAMP 17.07.41

<https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v196.i4.ph17>

З.Ж. Мутиев^{1*}, **Ж.Ө. Мұханбетова¹**, **М.К. Азғалиев²**

¹М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан

²Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., Қазақстан

*e-mail: zinulla_mutiev@mail.ru

ЖАЙЫҚ-КАСПИЙ ӨңІРІ ӘДЕБИЕТІ: МАРАТ ОТАРАЛИЕВ ЛИРИКАСЫ, ТАҚЫРЫП КӨКЖИЕГІ, ТІЛ КЕСТЕСІ

Мақаланың жазылу мақсаты негізінен Жайық-Каспий өңірі ақын-жазушыларының мұрасын зерттеуге бағытталған. Кең байтақ Отанымыздың әр өңірі әдеби, мәдени, тарихи мұраларға кенде емес. Ұланғайыр өлкені мекендеген халықтың рухани көркем мұрасын, ұлттық құндылықтарын әр өңірдің салт-дәстүр, әдет-ғұрпына байланысты алып зерттеудің маңызы қашанда зор. Шартты түрде жағырапиялық жағынан алғанда Жайық-Каспий өңіріне енетін Атырау облысының ақын-жазушыларының әдеби шығармашылығы арнайы зерттеу жұмыстары жүзеге асырылуда. Аталған өлкенің әдеби өкілі, ақындық талантымен ерте танылып, алайда өмірден ерте өткен ақынның бірі – Марат Отарәлиев.

Бұл мақалада Марат Отарәлиев лирикасының тақырып аясы және ақын тілінң көркемдік жүйесі жан-жақты әр қырынан алынып қарастырылады. Ақын туындыларының жазылу себептері, автордың тақырып таңдаудағы ізденістері оның өлең-жырларының мазмұнына әдеби талдау жүргізу нәтижесінде сарапталды. Ақын кейіпкерлерінің қоршаған ортамен байланысы, лирикалық бейненің ішкі сезім сыры, автордың идеялық мұраты, оқырманға айтпақ, жеткізбек ойы әдеби туындыны талдау барысында ашылады.

Ақын өз туындыларында көркемдеуіш-бейнелеуіш құралдарын, сөз қуатын арттыратын троптар мен фигураларды оңтайлы және сәтті қолдана білетін лирик ақын. Мақалада ақынның халықтың әдеби тілін пайдалану әдісі мен жаңадан тың авторлық сөз өрнектерін (эпитет, метафора, просоподоз, анадиплосис, метонимия, эпифора, анафора, гипербола, аллитерация т.б.) тудыру тәсілдеріне назар аударылып, мысалдар арқылы талдау, дәлелдеу жүргізілген.

Түйін сөздер: Жайық-Каспий өңірі, аймақ әдебиеті, лирика, тақырып аясы, тіл кестесі, троп, фигура.

Z.Zh. Mutiyev^{1*}, Zh.O. Mukhanbetova¹, M.K. Azhgaliyev²

¹Department of Kazakh Philology, M. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan

²Department of Pedagogy, University of Innovation and Technology of Western Kazakhstan, Uralsk, Kazakhstan

*e-mail: zinulla_mutiev@mail.ru

Literature of the Ural-Caspian region: lyrics of Marat Otariyev, thematic horizon, linguistic expressiveness

The purpose of writing this article is mainly focused on the study of the heritage of poet-writers of the Ural-Caspian region. Each region of our vast Motherland is rich in literary, cultural and historical heritage. It is always important to study the spiritual and artistic heritage and national values of the peoples living in a large country in connection with the traditions and customs of each region. Special research work is carried out on the literary creativity of poets-writers of Atyrau region, geographically part of the Ural-Caspian region. Marat Otariyev is a literary representative of this region, one of the poets who was recognised early for his poetic talent but died early.

In this article the subject area of Marat Otariyev's lyrics and the artistic structure of the poet's language are considered from all sides. As a result of literary analysis of the content of his poems, the reasons for writing the poet's works and the author's search for the theme are analysed. The connection of the poet's characters with the environment, the mystery of the inner experience of the lyrical image, the author's ideal, the idea of what to tell the reader are revealed in the course of analysing a literary work.

The poet is a lyric poet who was able to optimally and successfully use in his works artistic and expressive means, tropes and images that increase the power of the word. The article pays attention to the way the poet uses the literary language of the people and the ways of creating new author's verbal

expressions (epithet, metaphor, prosopodosis, anadiplosis, metonymy, epiphora, anaphora, hyperbole, alliteration, etc.), analyses and proves by examples.

Key words: Ural-Caspian region, regional literature, lyric, thematic area, language chart, trope, figure.

З.Ж. Мутиев^{1*}, Ж.У. Муханбетова¹, М.К. Ажғалиев²

¹Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, г. Уральск, Казахстан

²Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск, Казахстан

*e-mail: zinulla_mutiev@mail.ru

Литература Урало-Каспийского региона: лирика Марата Отаралиева, тематический горизонт, языковая выразительность

Целью написания статьи ставится изучение наследия поэтов и писателей Урало-Каспийского региона. Каждый уголок нашей необъятной Родины может похвастаться богатым литературным, культурным, историческим наследием. Всегда важно изучать духовное и художественное наследие и национальные ценности народов, населяющих определенную местность, в зависимости от традиций и обычаев каждого региона. Проводятся специальные исследовательские работы по литературному творчеству поэтов и писателей Атырауской области, которая с чисто географической точки зрения условно включена в Урало-Каспийский регион. Марат Отаралиев – видный литературный представитель данного региона, рано блеснувший поэтическим талантом и, к сожалению, рано ушедший из жизни.

В данной статье всесторонне, во всех аспектах рассматривается тематический охват лирики Марата Отаралиева и художественная система языка поэта. В результате проведения литературного анализа содержания его стихотворений выявлены предпосылки появления на свет произведений поэта, осмыслены поиски автора в выборе темы. В процессе анализа литературного произведения раскрыты связь героев поэта с окружающей средой, тайна сокровенных чувств лирического образа, суть диалога автора с читателем.

Поэт-лирик умеет удачно и эффективно внедрять в свои произведения художественные и изобразительные средства, тропы и фигуры, укрепляющие силу речи. В статье основной акцент делается на способах применения образной народной речи и новаторских авторских выразительных оборотах (эпитет, метафора, просоподоз, анадиплосис, метонимия, эпифора, анафора, гипербола, аллитерация и др.), что доказывается на разборе примеров.

Ключевые слова: Урало-Каспийский регион, лирика, тематический охват, языковая выразительность, троп, фигура.

Кіріспе

Әдеби өлкетану – кең байтақ еліміздің әр өңіріндегі көркем әдебиеттің яки сөз өнерінің даму барысын айқындайтын кең ұғым. Өлке әдебиетінен басталған шығармашылық өрлеу сатысы бірте-бірте қазақтың классикалық әдебитін қалыптастыратын үлкен сара жолға алып келеді. Әр аймақтың өзіне тән жекелеген әдет-ғұрпы, салт-жоралғысы жалпы ұлтқа тән ортақ мәдени ұлттық құндылықтармен ұштасып жататыны анық. Аталған рухани ұғым-бірліктердің барша-сы әдеби туындылардан көрінетінін ескерсек, өлке, аймақ әдебиетінің маңыздылығы арта түсетіні көміл. Ұлан-ғайыр аймақтың жағырапиялық кеңістігіне қарай сол өлкенің әдебиет жауһарларының інжу-маржандарын шартты түрде ғана жіктеп алып талдау үдерісі әдебиеттану ғылымында қалыптасқан салт-жүйе деуге болады. Мәселен, Жетісу жыршылары, Сыр сұлейлері, Арқа ақындары мұрасы, Баянауыл аймағының

айтқыштары т.б. Осы сықылды Жайық-Каспий өңірі әдебиеті деп ерекшелейтін болсақ, аталған кеңістікке Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстары енері сөзсіз. Сонымен бірге Астрахань, Орынбор, Самара, Саратов, Волгоград облыстарының кейбір ендіктерімен қатар Башқұрстан, Татарстан автономиялық облыстары, сондай-ақ шығысында Каспий теңізімен шектесетін Әзербайжан Республикасы да аталған аймаққа кіріп қалары хақ. Ендеше Жайық-Каспий өңірі әдебиетінің даму барысына назар салу және аталған аймақ ақын-жазушыларының шығармашылық әлеміне үңілу – бүгінгі әдебиеттану ғылымының өзекті мәселесі болса керек-ті.

Көп жылдар бойы ғылыми, әдеби зерттеу нысанынан қалыс қалып келе жатырған ақынның бірі – Марат Отарәлиев. Өмірден ерте озған талантты ақын Марат Отаралиев – 1937 жылы Гурьев (қазіргі Атырау) облысының Қызылқоға ауданындағы Тайсойған құмында дүниеге кел-

ген. Әскер міндетін өтеген соң Қазақтың Еңбек Қызыл ту орденді мемлекеттік университетінде (қазіргі Әл-Фараби атындағы ұлттық университет) тіл-әдебиет факультетінде оқыған. Өмірінің соңына дейін Балықшы аудандық газетінде (Атырау облысы) жауапты хатшы қызметін атқарды.

Ақынның әр жылдарда «Жазушы», «Жалын» баспаларынан «Қалампыр» (1966), «Жас дәурен» (1984) және балаларға арналған «Көбелек» атты өлең жинақтарымен бірге «Арыс» баспасынан «Атырау ақын-жазушыларының кітапханасы» сериясымен «Марат Отарәлиев» (2002) атты жыр кітабы жарық көрді.

«Марат ақын қысқа ғана ғұмырын өлеңге бағыштаған өте тамаша лирик ақын. Туған жердің табиғатын ерте қызықтап өскен жас ақын орта мектепте оқып жүргенен-ақ қаламынан көптеген өлеңдер жазылған. Балықшы ауданының «Каспий таңы» газетінде жұмыс жасаған. Өмір жолын жүргізушіліктен бастаған. Марат ақын қай салада ақындығы дараланып тұратын. Марат Отарәлиевтің өлеңін өлтірмеген өлең сүйер қауым, Атырау халқы, жары Гүлзада Ахметқалиева, ұлдары Абай мен Мұхтар бар. Марат ақын 1973 жылы өмірден өткен, мәңгілік мекені «Теңдік» қауымы» (Ерімбетов, 1982: 97-129).

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу үстінде негізінен Марат Отарәлиевтің 1966 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Қалампыр» (Отарәлиев, 1966), 1984 жылы «Жалын» баспасынан таралып шыққан «Жас дәурен» (Отарәлиев, 1984) жыр жинағы және 2002 жылы «Арыс» баспасынан «Атырау ақын-жазушыларының кітапханасы» сериясымен шыққан «Марат Отарәлиев» (Отарәлиев, 2002) атты жыр кітабы пайдаланылды. Марат Отарәлиевтің өмірінен сыр шертетін әр жылдарда жарияланған газет-журнал материалдарымен қоса әлеуметтік желілерде кездесетін ақын ғұмырнамасы туралы жазбалар да қоса қамтылды. Атап айтқанда «Әдебиет порталында» жарияланған Н.Төлегеновтің, «ВКонтакте» желісінде жарияланған М.Ерімбетовтің, «Марат Отарәлиев» жыр кітабының алғы сөзін жазған Т.Тінәлиевтің, «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген Б.Тұрсынбайұлының ақын шығармашылығы мен ғұмырына қатысты жазбаларының мәні қашанда зор болмақ.

Көркем әдебиеттің лирика тегінің табиғатына, өлең сөздің жанрлық, көркемдік ерекшелік-

теріне зерттеу жүргізген алыс-шетел ғалымдарының, отандық зерттеушілердің еңбектеріндегі әдіснамалық тұжырым-пайымдар, ғылыми көзқарастар басшылыққа алынды. XX ғасырдың 60-80 жылдарындағы қазақ поэзиясының жай-күйін Марат Отарәлиев лирикасының даму шеңбері (көркемдік қуат, тілдік ерекшелік) аясында терең зерделеу арқылы, жинақтау мен жүйелеу, салыстыру сияқты әдістері кеңінен қолданылды. Сонымен бірге мақаланы жазу барысында әдебиет теориясы туралы іргелі зерттеулердегі өлеңнің көркемдік өрнектері жайында, қаламгерлер стилі туралы айтылған пікірлер мен озық ойлар негізге алынды.

Әдебиеттерге шолу

Жалпы лирика тегі туралы шетел зерттеушілерінің өз пікір-пайымдары бар. Ғалым-теорияшы Уильям Хэзлитт: поэзиялық лирика хақында «Poetry is the language of the imagination and the passions. It relates to whatever gives immediate pleasure or pain to the human mind. It comes home to the bosoms and businesses of men. Poetry is the universal language which the heart holds with nature and itself» (William Hazlitt, 1818) – дейді, яки поэзия – қиял мен құмарлықтың тілі. Бұл адамның ақыл-ойына бірден ләззат немесе ауырлық сыйлайтын нәрсе. Ол адамдардың жан дүниесіне және іс-әрекетіне әсер етеді; Поэзия – бұл жүректің табиғатпен және өзімен бірге ұстайтын әмбебап тілі деген тұжырымға келеді.

Алайда әлем ғалымдарының айтар ойы, берер анықтамасы бір арнаға тоғысады. Н.Ю.Русова «Лирика-көркем әдебиеттің үш түрінің бірі. Лирика ішкі әлемді, сезімдерді, өмірдің белгілі бір сәттеріндегі кейіпкердің жеке күйлерін, автордың өзіндік «менін» сипаттайды» (Русова, 2004:114) – деген пікір білдірсе, С.П. Белокурова бастаған ғалымдар тобы «Әдеби түр – көркем шығармадағы шындықты жаңғыртудың тарихи қалыптасқан тәсілі» (Белокурова, 2006) – деп әдеби тектің жанрлық қызметінің маңызына мән береді.

Сонымен бірге «Lyric Poetry: Expressing Emotion Through Verse» / «Лирикалық поэзия: өлеңдер арқылы эмоцияны білдіру» аталатын жазбада лирикалық туындының жанрлық табиғатына байланысты «Lyric poetry, however, encompasses a wide range of forms and approaches. Nearly any experience or phenomenon can be explored in the emotional, personal lyric mode, from war and patriotism to love and art» (ThoughtCo,

2021) – яғни, лирикалық поэзия, көптеген формалар мен тәсілдерді қамтиды. Кез келген дерлік тәжірибені немесе құбылысты соғыс пен патриотизмнен махаббат пен өнерге дейінгі эмоционалды, жеке лирика режимінде зерттеуге болады деп аталған тектің атқарар қызметінің мәртебесін қоюлата түседі.

Еңбек авторларының пайымынша поэзияның үш негізгі категориясының ішінде – баяндау, драмалық және лирикалық – лирика ең көп таралғаны, сонымен қатар жіктелуі ең қиыны. Баяндау өлеңдері тарихты баяндайды десе, драмалық поэзия – өлеңмен жазылған пьеса деген қызықты байламдар айтады. Біздіңше, шетел теоретиктерінің драмалық пьеса деп тұрғандары – лироэпосқа негізделген сахналық қойылым болса керек.

Әйтсе де «Лириканың орталық жанры – өлең. Өлеңде лирикалық кейіпкер – лирикалық шығарманың кейіпкері, оның тәжірибесі, ойлары мен сезімдері бейнеленген» (Литературный энциклопедический словарь, 1987: 185) делінетін қағида өлең сөз жанры туралы әңгімеде берік ұстаным бола алары хақ.

Қазақ лирикасының жай-күйі, жалпы ұлт поэзиясының дамуы мен қалыптасуы жайында сөз қозғағанда алдымен Шоқан Уәлихановтың ұлт өлеңінің жанрына қатысты теориялық тұжырымы (Уәлиханов, 1985:162-168), М. Дулатовтың Абай Құнанбаев ақындығына қарастырған «Уақыт» (1908), «Қазақ» (1914) газеттерінде жарияланған екі мақаласы (Дулатов:1991:212-249), С.Торайғыровтың «Айқап» (1913) журналында жарық көрген «Өлең һәм айтушылары» (Торайғыров, 1987:196-202), М. Жұмабаевтың «Сана» (1923) журналында жарияланған «Ақан сері» (Жұмабаев, 1996:323-348), А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926) кітабы (Байтұрсынов, 2003), Ж. Аймауытовтың «Жас алаш» газетінде (1923) баспа бетін көрген «Мағжанның ақындығы» (Аймауытов, 1992:264-273) аталатын еңбектер – қазақ өлең сөзінің өзіне тән табиғаты мен тарихының бастауларын құрайды.

Қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясын терең зерттеп, ұлт лирикасының тектік, жанрлық, тілдік-стильдік, құрылымдық өлшем-ырғақтарын және көркемдік ерекшеліктерін жан-жақты, әр қырынан қарастырған классикалық еңбектер авторлары Е. Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» (1940), Б. Кежебаевтың «Қазақ өлеңінің құрылысы» (1955), Қ. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» (1960), С. Қирабаевтың «Лирикалық поэзияның кейбір мәселелері»

(1968), З. Қабдоловтың «Әдебиет теориясының негіздері» (1970), З. Ахметовтың «Өлең сөздің теориясы» (1973), М. Базарбаевтың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» (1973) т.б. сандаған зерттеу еңбектердің жеке ақын шығармашылығын арнайы барлап қарастыруда үлкен әдістемелік көмегі зор.

Ақындар шығармашылығын жеке дара алып, сондай-ақ шолу жүргізе зерттеген С. Сейітовтың «Қырық жылда» (1957), Ә.Тәжібаевтың «Өмір және поэзия» (1960), сонымен бірге ХХ ғасырдың 60-70 және 80-90 жылдар лирикасының даму бағыттары мен өсу жолдарын тексеріс көзіне алған Қ. Өмірәлиев, М. Дүйсенов, Ә. Райымбеков, С. Негимов, Б. Кәрібаева, Ш. Сариев, Қ. Мәшһүр-Жүсіпов, Б.Кәрібозұлы, Т. Шапаев т.б., сонымен бірге тәуелсіз ел әдебиеттануында лирика тегінің төркініне жемісті зерттеулер жүргізген Д. Қамзабекұлы, Б. Омарұлы, А. Шәріп, Г. Орда, Ж. Әскербекқызы, С. Ержанова, А. Сейітқұлова т.б. және жас ғалымдардың өлең сөздің бітім-болмысын, жаратылыс-табиғатын бүгінгі заманауи көзқарас тұрғысынан әр қырынан бажайлаған зерттеулер басшылыққа алынды.

Қазақ поэзиясын мазмұн жағынан байытып, ұлт өлең сөзінің көкжиегін кеңіткен көрнекті ақындар шығармашылығын арнайы жеке алып барлау жүргізген ғалымдар: Қ. Жұмалиев (Махамбет), Т. Әлімқұлов (Абай), Б. Кенжебаев (Сұлтанмахмұт Торайғыров) Ә. Шәріпов (Жұмағали Саин), М. Қожықов (Ғали Орманов), Т. Әбдірахманова (Қасым Аманжолов), С. Дәуітов (Әбділда Тәжібаев), Б. Әбдіғазизұлы (Шәкәрім Құдайбердіұлы), Б. Қанарбаева (Мағжан Жұмабаев), Ж. Шайекенов (Әбу Сәрсенбаев), Ж. Мәмбетов (Жұбан Молдағалиев), Х. Хамидуллаев (Мұқағали Мақатаев), Қ. Жүсіп (Жүмекен Нәжімеденов), Р. Аяпбергенов (Төлеген Айбергенов), С. Нұрахметов (Қадыр Мырзалиев), Ө. Жақыпов (Қуандық Шаңғытбаев), С. Сарсембекова (Сырбай Мәуленов), Ә. Жәкім (Мұзафар Әлімбаев), З. Мүтиев (Фариза Оңғарсынова) т.б. зерттеулері негізгі назарда ұсталды. Аталған зерттеу еңбектердің ақын Марат Отарәлиев лирикасының тақырып төркінін, тіл кестесін айқындауда, жалпы ақындық шеберлігін танып-білуде пайдалы тұстары көп. Ақын М. Отарәлиев өмірден өткеннен кейін оның қысқа ғұмырында атқарған істері мен шығармашылығына М. Ерімбетов, Н. Төлегенов, Т. Тінәлиев, Б. Тұрсынбайұлы сынды ақын, журналистер назар аударып, М. Отарәлиевтің әдеби мұрасын халыққа насихаттап, мақалалар жазды.

Нәтижелер мен талқылау

Ақындық талантымен ерте танылған Марат Отаралиевтің «Қалампыр» атты тұңғыш жыр жинағының аннотациясында «Бұл жинақ – жас ақынның тұңғыш жинағы. Армия қатарында жүрген солдаттың туған елге, анаға деген сағынышы және өмір, жастық шақ туралы ойлы өлеңдер жинақтың негізгі өзегі» (Отарәлиев, 1966:2) – деп көрсеткеніндей ақын өлеңдерінде жасқа тән албырттық, шынайы таза көңіл иірімдері мен мұндалайды.

Ақын жас, жинақ шағын болғанымен үлкенге де, кішіге де ой салар жылы шумақтардан автордың рухани әлемі, эстетикалық талғамы аңғарылып отырады. Айталық, «Әжеме хат», «Менің үйім», «Жан бөбек», «Жан анам», күндер мынау зырлап ағып», «Туған жерге», «Мұғалім», «Уақыт», аталған өлең-жырларда лирикалық бейненің кіршіксіз көңілі танылады. Мәселен:

Сәтім бар шаттыққа бой ұрған,
Тағдырым кең жолға салды ұзын.
Жан әже, шықпай ма ойыңнан
Алыста жүрген бұл жалғызың

Бала едім, ол күндер тентек ем,
Мойныңнан түсуді білдім бе?
Нан сұрап жылайтын ертемен,
Құлының алыста бұл күнде (Отарәлиев, 1966: 6)
(«Әжеме хат»)

Өлең өрімінде сағынышқа ұласқан бала (немере) махаббатының жақын жанға деген кірбіңсіз шайдай ашық көңілі бірте-бірте жүрек түкпіріне сақтаған назын құпиясыз жайып салады.

Көңілге сенімді нәр қылып:
– Келер-ау, келер-ау, қалқам, – деп,
Бір жерде салқынға шалдығып, –
Дейсін бе, – ауырып қалды-ау, – деп.

Білемін, бәрін де білемін,
Өзіңе хат жазам әр апта
Өзінді сағынған жүрегім,
Мұндайда күштар-ақ қанатқа.

Елден жырақ алыста әскерде жүрген сарбаздың әжеге деген сағынышын лирикалық кейіпкердің болмыс-бітімін толық танытқандай. Өйткені әже қамқорын көріп өскен ұлдың ананың ішкі психологиясы, тіпті айтар ойы мен алаң көңіліне дейін кейіпкерге жете таныстығы аңғарылады

Ақынның «Менің үйім» туындысын шағын ғана шумақтардан құралған галерея десек те болғандай. Әркімнің өз үйі – жылы ұясы. Бұл үйден қазаққа тән салт-дәстүр, қонақжайлылық, достық көңіл, шын ниеттің жылы лебі еседі.

Менің үйім! Жаз күні акел, қыста кел,
Қонаққа жай, сәулетті бір кең бөлме,
Ән құйылған театрға ұқсайды ол,
Демалыста достар шулап келгенде.

Сол бөлмеде мені оятқан мол үміт,
Менің құйттай жүрегіме жаз қонған.
Күннің күміс сәулесіне шомылып,
Бұрышында мысық ойнап мәз болған
(Отарәлиев, 1966: 7)
(«Менің үйім»)

Құт мекеннің қуанышы мен шаттығы достармен бірге көрікті көрінеді десек те, кейіпкер үшін тағы да бір ең басты күдірет бар. Ол, әрине, ана болса керек-ті.

Сол бір бөлме көңілімнің көктемі,
Тар ғой одан анау жазық аландар.
Менің үйім маған ыстық, үйткені,
Алыс кетсем сағынатын анам бар.

Өз үйіне тең келер ештеңе жоқ, жазық алаңдардың өзі де көзіне тар боп көрінер салыстыруы – ақындық тапқырлық!

Бағашар Тұрсынбайұлы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Қоштаспай кеткен бір ақын (Марат Отарәлиев туралы бір сөз)» атты мақаласында: «Мұқағалидың сол қанатым деп Маратты, оң қанатым деп Жүмекенді атайтыны артынан ерген таланттардың мүмкіндігін білгеннен кейін, танығаннан кейін айтылған сөз екені шүбәсіз. Төлеген, Мұқағали, Өтежандармен қатар жүріп, бірге танылған Марат – күй талғамайтын, өлеңдерінен самаладай жаныңа рахат сыйлайтын леп есетін лирик ақын» (Тұрсынбайұлы, 2013: 5) – деп жазады.

Иә, Марат Отаралиев лирикасына тән сипаттар әрқилы, жан-жақты оралымдармен ерекшеленіп, ақын ойының көркемдік қырларын танытып отырады. Сөзге шешендік құр таппақтаумен немесе ұйқас қуумен өлшенбесі анық. Ақынның лирикалық кейіпкерлері мейлінше байсалды, шынайы сыр ағытуға бейім. Оқырманын шандыра, иландыра, ойландыра сөйлейді. Жүрегімен жырлаған жылу-қуаты айқын өлең-жыр: «Жан бөбек», «Жан анам» аталатын туындылар мазмұны ізгілікке суарылған. Мысалы:

Сыйлайды ғажап шын бақыт,
Жан бөбек, балғын таңына.
Бұлақты үнін тыңдатып,
Нәзіктік кұйдық жаныңа (Отарәлиев, 1966: 8)
(«Жан бөбек»)

Бала – адамның бауыр еті. Сәбидің аман-сау жетілуін аңсау қағидасы қашанда күн тәртібінен түспеген. Елдің ертеңгі болашағын қалтқысыз күзету мен амандығын тілеу – өсер елдің, өркендер жүрттың абзал борышы.

Тербеткен сені күй еді,
Бақытқа толы бұл шақта.
Отаның сені сүйеді,
Өсесің жылы құшақта.

Армандай ұшқыр бүгінгі,
Күтеді қызық сәт алда.
Қорғауға сәтті күніңді,
Бөріміз тұрмыз қатарда.

Жан бөбек үшін бәрін де беруге, барын да жасауға дайын ақын кейіпкерінің ойы автор идеясының мақсат-мұратымен сабақтасып жатқаны анық. «Ұйқыда қалғып жатсаң да, / Жүреміз саған қарайлап / Бұлбұлдар сайрап бақшаңда / Сен үшін гүлдер бар аймақ». Өлеңнің өміршендік мәні ле осында.

Ал «Жан анам» – жоғарыда мазмұндалған «Жан бөбекке» қарайлас бағытталған өлең. Алдыңғысында бөбектің жайына алаң көңіл бұл туындыда анаға бет бұра толғанысқа түседі. Жай ана деп тұрған жоқ, жан ана деп ақтарыла сыр шерткен автордың асыл жанға құрметі шексіз.

Жан анам, күндер мынау зырлап ағып,
Мен шығар сағынышың бір ғана мұң.
Жазбайсың күз айлары неге маған,
Гүлдері бақшамыздың қурағанын.

Көңілі сағынышқа толы ұлдың сәлем-назы риторикалық сұрауларға жетекабыл өріліп, әр шумақтың соңғы екі тармағы жауап күтпейтін тәсіл түрінде келеді. Мәселен, жоғарыдағы «Жазбайсың күз айлары неге маған, / Гүлдері бақшамыздың қурағанын» деген риторик сұрау мәндес өлең тіркестері келесі шумақта да («Жазбайсың қыс айлары неге маған, / Бөлменің қыстағыдан суықтығын») қайталанып отырады. Жан анаға деген махаббатпен, құрметпен шілтеріленген сырлы жыр соңы:

Елестеп қайғырғанда, күлгенде мен,
Жан анам тірлік етіп күйбеңдеген.
Теа қана тыным ал деп жазба маған,
Жалғызың тыныштыққа үйренбеген
(Отарәлиев, 1966: 8)

– деген сынды сағынышпен түйінделеді.

Жас ақынның жастық шақ, бозбала күндердің өсем мезеттерінен сыр арқалаған жырларының лирикалық кейіпкері әскердегі жауынгер. Туған жерд ен шалғайда жүрген сарбаздың сүйгеніне арналаған монологында жастыққа тән жалынды леп, ыстық сезім бар. Сүйіктісінен хат күткен жігіттің сағынышты жырында алаң көңілдің мұңы басым көрінеді.

Сенен хат жоқ! Көп күн болды жоқ өлі.
Қайда сырлар жаныңдағы жалынды ән
Қайда сол бір сағыныштың самалы,
Жүректерді дірілдетіп ағылған

Сенен хат жоқ! Күтемін мен санап күн,
Сағынышым сол хаттардан от табар.
Махаббатым сол хаттарға ғажап тым,
Сен ауырып қалдың ба жоқ хабар (Отарәлиев, 1966: 11)
(«Хат күтемін»)

Жүрегі жырға толып, сүйгенінен хат күтуден жалықпаған жауынгердің аңсарында: нұрлы аспанда аяулы әндер қалықтап тұрған сәт, кешкі бақтар түрленіп, айнала шат күлкіге көмілген сәт – ақын кейіпкерінің арман сағатының соғатыны анық.

Марат ақынның нәзік лирикалы жырының мазмұн байлығын арттырып, өлеңге ерекше әр сыйлап тұрған әрине оның бай тілі мен ойының құнарлығы. Көркемдік – шығарманың өнер туындысы боларлық қасиетін танытар бірден-бір ерекшелік екенін ескерсек, ақынның сөз саптау стилі мен образ құру машығына, шеберлігіне де қатысты болмақ.

«Қалампыр» – ақынның алғашқы тырнақалды жыр жинағы десек те ізденіске ұмтылған ақынның туындыларында суретті сөздер шоғыры көңіл аударады. Ақын кейіптеулері сәтті шыққан. Мәселен:

Мынау жер үстінде түнгі аспан,
Тентек жел, күрсінген жырлап тал.
Құлайды, тұрады тынбастан,
Гүлдерге атылып бұлақтар.

Жүзеді алтын ай аулақта,
Бауырын сипайды шарбы бұлт.
Көмескі естілді тау жақтан,
Трактор дауысы қарлығып (Отарәлиев, 1966: 32)
(«Ән»)

Кейіптеудің келісті үлгілері ақынның өзге туындыларында да көркемдік үстемеге ие. Өлең сөздің табиғатына тән жансызға жан бітіріп, туынды ажарын ашатын кейіптеулер тізбегі:

Әсем назға тербетіліп,
Бидай басын шұлғи берсін

Жымың қағып түнгі оттар,
Өзілдесін мына бізді.

Қызықтан осы құр қалып,
Жылайды тыста ақ боран.

Үйреткен өзі әндерін,
Ескі жыл ұйып тыңдайды.

Толқынында күнмен ойнап мың үміт,
Ағады өмір жартастарға сүрініп.

М. Отарәлиевтің «Боран» аталған туындысы ұлт поэзиясы тарихында үлгі боларлық сипатты иеленген. Өйткені өлең толығымен дерлік таза кейіптеуге құрылған, сәтті шыққан дүние.

Жаныма бұл өлкенің сыры қанық,
Дауылда күм көшеді ыңыранып.
Басынан ақ шағылдың ақша қарды
Тентек жел жүгіреді жұлып алып.

Кім білсін оны қайда жасыраын,
Күледі таз шағылдың басына күн

Тағы да осы сынды кейіптеудің үзік үлгілері туынды мазмұнын аша түскен:

Тентек жел балдызындай арсалаңдап,
Ойнайды жентек қарда лақтырып
(Отарәлиев, 1966: 19)
(«Боран»)

Марат Отарәлиевтің «Жас дәурен» жыр кітабына енген өлеңдер ақынның белгілі бір дәре-

жеде толысып, пайым мен танымға толы көзқарасын, ой-толғаныстарын таныта түседі. «Алтын заң», «Каспий толқыны», «Қазыналы Маңғыстау қырларында», «Жерге сыр», «Оралғанда», «Украинаға барғанда», «Жетісу», «Уақыт» т.б. туындыларында ақынның азаматтық ажары, елге, өзі өмір сүріп отырған қоғамға құрметі жырланған. Отанды сүюдің, оны ардақтаудың үлгісін ақын былайша білдіреді.

Сыр айтқан гүлі бар бактың,
Ғашықпын шулы әр үнге.
Жүрсің сен, Отан солдаттың
Ыңылдап салған әнінде.

Кеудені сипай ізгі арман,
Сағыныш туған шақтарда,
Жүрсің сен, Отан. қыздардан
Ағылып келген хаттарда.

Билеп бір ерлік кеудені,
Байқатпай күндер өтуде.
Жүрсің сен, Отан, мендегі
Анамның суретінде де (Отарәлиев, 1984: 3)
(«Бірге алып жүрем мен сені»)

Отанын қырағы күзеткен жауынгердің «Тұрсың сен бірге менімен, / аяққа киіп керзі етік» иә болмаса «Қилы бір қиын шақтарда, / бірге алып жүрем мен сені» деген тілектерді оқырманның ел-жұртын шын сүйетін ерлердің жүректен шыққан шынайы сезімі деп қабылдай хақ. «Алтын заң» өлеңінде әр қоғам мүшесінің қиындықсыз ғұмыр кешуінің алғы шарты еңбек етуі, еркін демалуы туған Отанға деген махаббатпен, оның алтын заңымен байланысты өрбіп, дамитынын дәріптейді. Жанның шалықтауы, әннің қалықтауы, достықтың жарасуы – алтын заң аясында шарықтап, іске асатынын меңзей жырлайды. «Каспий толқыны» – еңбек жыры, Қарт Каспийдің толқынымен сырласқан кейіпкердің арман-мақсатының түпкі өзегі еңбекпен көгерген жастар бейнесіне ұласады.

Өрендер еңбек етіп қолтығында,
Тербелген, тебіренген толқынында.
Өзіңнің айдыныңның маржанымен,
Қоймасын ұлы Отанның толтыруда.

Еңбектің екпіндеген өр ұланы
Төсіңнен әр уақыт табылады.
Тербелген толқынында өрендерің
Алыстан айдыныңды сағынады (Отарәлиев, 1984: 6)
(«Каспий толқыны»)

Осы өлеңнің тақырыбын одан әрі өрістетіп, қалыбын кеңейтетін туынды – «Қазыналы Маңғыстау қырларында» аталады. Мұнда кішігірім сюжет бар. Мұнайлы Жаңаөзеннен шыққан екеуді Гурьевке (қазіргі Атырау) шығарып салуға уағдаласқан еңбекші бойжеткен келе алмады. Алайда басқа қыз шығарып сап қол бұлғады. Көңілдері бұзылып аттанған екеудің сол сәттегі көңіл күйі мен олар сағына күткен арудың келе алмау себебін автор былайша сипаттапты.

Ол келмеді, көп қарадық жол маңын,
Түсінбедік мұның қалай болғанынын.
Қия алмадық Жаңаөзенді сол сәтте,
Қия алмадық мұнаралар орманын.

...Беу, бойжеткен, жүректерді жаз еткен,
Ұмтылды саған деген наз өкпем,
Сол күні сен өндіріпсің мол мұнай,
Оны кейін оқыдық біз газеттен (Отаралиев, 1984: 7)
(«Қазыналы Маңғыстау қырларында»)

Қажырлы еңбектің қадыр-қасиетін бәрінен жоғары қоятын идеологияның нақты жемісі осындай туындылардан көрінетіні анық. Осы сынды еңбектің маңдай термен келетін зейнетін «Заводтағы досқа» аталатын өлеңде ашып көрсеткен. Әлі нағыз еңбектің сырын білмеген балаң жастың заводтағы алғашқы жасқаншақ аяқ алысы бұл туындыды қарапайым әрі шынайы суреттеледі. Алғашқы айлықты анаға ұсынудағы қуанышты сәт, жұмыстан май-май болып оралғанда ананың шыр айналып қарсы алуы – бәрін-бәрін көз алдынын тізбектете өткізуші – арман қуып, білім іздеп алыстағы қалаға сапар шеккен кейіпкер. Алысқа ұзамай шағын қалада заводта қап еңбек қылған досына сыр ашқан монолог мазмұнында өзін қиындықтан қашты деп сөкпеуін, бірге еңбек еткен дос-жаранды қимай сағынышпен еске алатынын баян етеді. Қайнаған еңбектің бел ортасынан табылуды мақсат еткен жанның айтары айқын, шешімі біреу. Оның ойы жеңіл өмір қуудан аулақ жатыр.

Өйткені жеңіл өмір қумады арым,
Кеудемде шаттық деген тулады ағын.
Сағындым май-/май жұмыс киімімді,
Сағындым станоктың шулағанын.

Білемін сонда жұмыс бағы барын,
Салмаған еш уақытта жаныма мұң,
Күт, досым, оқу бітіп әлі-ақ өзім,
Жарқылдап сол ортадан табылармын

(Отаралиев, 1984: 13)

(«Заводтағы досқа»)

Ақын ғана емес адам біткеннің баршасына бағалы мекен, ыстық нүкте – туған жер десек, бұл тақырып бойынша да Марат ақынның өз айтары бар. «Туған жер», «Мен де бір тентек құлының», «Жерге сыр», «Оралғанда», «Құмнан да қазына табылған», «Жетісу» т.б. өлең-жырларында лирикалық кейіпкердің алуан қилы толғанысы жан-жақты баяндалады. Туған жердің күдіретін сезіну, дала сырын үнсіз ұғыну «Теңіз ғып төктік саған терімізді, / Жайылды алдымызға сан асылың» сынды асыл қасиеттерді жырға қосады ақын. Кең дала төсінде аққан тердің бақытын көру, дархан даланың жер үсті және жер үсті байлығын («Сонда алдық бидайығ мен мұнайыңды, / Сонда іштік ақ сүттің мен қымызыңды») қатар көрген ұланның туған жерге ризашылығымен қатар өскен жер үшін кез келген сынды қабылдай алу мүмкіндігі де сырт қалмайды. Алатаудың биік шыңына қарғысаң да, қарт Каспийдің терең тұңғыығына сүңгісең де бұл қызық жақсылықтардың баршасы үшін туған жерге рақмет айтуың керексің деген үлкен ұғым мен ұйғарым жатыр «Туған жер» атты жыр астарында.

«Мен де бір тентек құлының» деген туындыда туған жерінен жырақта жүрген жанның сағынышы, қиялға берілген кейіпкердің елге, жерге деген ыстық махаббаты жыр боп төгілген.

Әкетсін мейлі қай бағыт,
Кеттің деп алыс ұрыспа,
Келермін саған айналып,
Туған жер мені ұмытпа! (Отаралиев, 1984: 9)

Ақынның «Жерге сыр» өлеңі қаратпа мағынада жазылған. «Жасыл жер, тыңда, бүгін жыр оқиды / Төсінде бір ере ұл тұра қалып» деп өрілген туынды мазмұнында бізге (жалпы адамзатқа) ғасырдан ғасыр асып, әжімденіп жеткен жердің өткен тарихын құрметтеумен бірге бүгінгі әсем келбетін: асқар тауын, ала бұлтын, күркіреген өзенін, мөлдір бұлағын, жасыл орманын, түйіп айтқанда мұқым байлығын (флорасы мен фаунасын) сақтап қалудың маңыздылығын ескертеді. Ал, «Оралғанда» аталған жырда өзінің туған мекені Ақжайығын сағынған ұлдың ел адамдарын түгендеп, еске алып, ауылдың үлкен-кішісіне арналған сәлем-жыры десек те болғандай. Өлең бірімен-бірі қабыса жымдасқан бес тармақ үлгісінде жазылған. Шумақта әр тармақтың көте-

ріп тұрған жүгі бар, бірін алып тастау мүмкін де емес. Әр шумақта ақын өз іздеушісіне қайырыла бір соғып, үн қатып отырады. Бірде «Армысың, Ақжайықтың самал желі, / Сары кемпір, қара шал, ағам менің?!» десе, енді бірде «Шалықтап баяғыша кеудедегі үн, / Армысыңдар, аяулы жеңгелерім!» дейлі, тағы бірде «Армысың, сен, аяулы аппақ ару, / Ай астында қоштасқан ағараңдап» деп толғанған кейіпкердің тағы бір мезет өзі бір кезде өзі өлеңін оқыған мәрмәр залға да («Армысыңдар аңқылдақ мәрмәр залдар, / Сахнаға сан рет гүл атылған») назары ауады. Лирикалық кейіпкердің ер жетіп, болашаққа жолдама алған, өзі өсіп-өнген, өркендеген ауылына сағынышы ерекше күйде.

Кеп қалды бауырына тағы балаң,
Беу, туған жер – кең құшақ, алып адам!
Сол құшақта қалғиын, кешір мені,
Көкірегімнен елжіреп ағылады өн,
.. Сан сағыныш тоғысып жамыраған
(Отарәлиев, 1984: 11)

М. Отарәлиев өз дәуірінің үніне сай халықтар достығы тақырыбында да қалам тербеді. Замана сазына дөп келетін «Нева жағасында», «Тарас Шевченкоға», «Орыс жері», «Өзін өзі өлтіріпті Есенин», «Украинаға барғанда» аталатын өлеңдерінде әлемге мәшһүр өзге ұлт ақындарына, олардың әр дәуірдегі сан қилы тағдырларына байланысты ой толғайды. Ақын «Тарас Шевченкоға» өлеңінде Украина кобзарь атанған Тарас Шевченконың қазақ даласына жер ауып келіп сіңісуі, жергілікті халықпен етене жақын араласып достасуы ақын жырына арқау болған. Каспий жағасынан қоныс тапқан ақынның қазақтың ән-күйін тыңдап, қыздарының қолынан сусын қымызынан дәм татып, қазақтың сөбиін ұлым деп құшаққа қысып, бауырға басуы ерекше жылылықпен жырланған. Кобзарьдың аптапты аңыз, жалаңаш шөл далаға бір түп тал отырғызғанын, оның кейін жайқалған жасыл орманға айналғанын баян етеді ақын.

Жоғарыдағы өлеңмен тақырыптас, сабақтас «Украинаға барғанда» туындысында украин елінің әсем табиғаты, сол ел халқының меймандос дәстүрі, адамдар арасындағы жылы қарым-қатынас («Құшақтап сүйді де қарттары / Қыздары байқатты әзілін») суреттеледі, сонымен бірге осындай жер үшін тәуекел бас тігер шешім («Мен тұрдым төсінде, / Бір қарыс жер үшін / Өлуге болатын даланың») қабылдау идеясы бой көтерген.

«Орыс жері» өлеңінде ақын орыстың жасыл орманын, әдемі өзен-көлін, жалпы әсем табиғатын жырлай келе Ресейдің аты мәлім ақындары А. Блок, В. Маяковский, С. Есенин бейнелерін табиғаттың құбылыстарымен салыстыра жырлайды. Ақын танымында аталған тұлғалар орыс халқының тамырына байланған мақтаныштары іспетті көрінеді. Өлең бар да, поэзия сынды періште өнер бар да ақындар есімі жоғалмақ емес.

Орманьында – сұлу жаны орыстың,
Өзенінде – сыршылдығы Блоктың.

Қара бұлттар көтерілсе биіктеп,
Маяковский жыр оқиды күркіреп.

Жүрек болсаң елжірей біл дейді енді,
Сұлулыққа қызып алған Есенин.

М. Отарәлиев Сергей Есенин туралы, оның қиын да жұмбақ тағдыры туралы тақырыпқа әлсін-әлсін оралып отырады. Ақынның «Өзін өзі өлтіріпті Есенин» деп басталатын өлеңі әділетсіз заманның құрбаны болған Есенинді өлімге қимайтын жанның қиналыстан туған рухани дүниесі десек те болатындай.

Өзін өзі өлтіріпті Есенин,
Жатыр ақын қара жер боп төсегі.
Осы өлімді, ерте келген өлімді,
Баз біреулер ішкіліктен десе-ді.

Солай десін кезеп біреу от тілін,
Талайлардың жанарына жетті мұң.
Мынау жасыл дүниеге ерке еді ол,
Не десек те аяулы ақын жоқ бүгін.

Шақ еді бір қайран жастық гүл атқан,
Жеке біткен от жүрекпен құлатты өн.
Алтынт шашты бала жігіт жоқ бүгін,
Ал өлең ше, өлең, өлең жылатқан (Отарәлиев, 1966: 14)
(«Өзін өзі өлтіріпті Есенин»)

Туындыда астарлы ой жатыр. Ақынды, оның жырларын ел, халық құлай сүйді. Ол әлі де берері мол ақын еді дегенді меңзейді ой түйіні. Өлімді кешеуілдетудің мүмкіндігі жоқ әрине, бірақ ақынның кіршіксіз көңілі армандауға құштар.

Шалқып барып шыңға шықпай бітті үміт,
Дүниенің нәзіктігін ұқтырып.

Қызлар үшін, аспан үшін өлімді
Қою керек еді біраз күттіріп.

Марат ақынның көңіліне жаққан Есенин тақырыбына арналған тағы бір өлеңі «Көңілінің таба алмастан еш емін» аталады. Мұнда да ақынның тағдыр-талайы еркін көзқараста баяндалады. Ақын ақынды әр қилы қаңқу өсек-сөздің мірінен арашалай жырлайды.

Көңілінің таба алмастан еш емін,
Ерте өмірден қол үзіпті Есенин...
Елең қылмай жұрттың қаңқу, өсегін,
Қымтанады ол қара жердей төсегін.

Өсек айтар безеп біреу от тілін
Ұлы ақынның бұлтпен бүркеп шоқтығын
(Отарәлиев, 1984: 16)
(«Көңілінің таба алмастан еш емін»)

М. Отарәлиевтің аталған тақырыппен төркіндес бір өлеңі қазақтың көнекті ақыны отыз жасында өмірден озған Төлеген Айбергеновке арналған. (Сергей Есенин де отыз жасында көз жұмған болатын). «Сен сондай едің...» туындысы Мараттың Төлегенмен сырласуы, мұндасуы тәрізді қимастықтан шығарылған ішкі сезім сыры сынды оқылатын өлең. Екеуі бір жылдың төлі – 1937 жылы туылғандар, күрдас. Өлеңнің эпиграфында «Төлеген Айбергеновке» деп жазылған.

Мен білетін едім,
Сенің өмірді сүйетініңді.
Мен білетін едім
Және сүйетін едім
Жыр болып жүретініңді.

Жас едің сен жүрегің толы арманға
Арман, арман... адастың сол орманда.
Көктем болып көңілде сөйлеуші едің,
Тырна құстар алыстан оралғанда.

Марат ақын Төлегеннің барлық мұң-сырын, ішкі әлемін терең түсіне білген сыңайлы. Өлең авторы ақынның жан сырына терең барлап, ерекше бір сағынышпен, бөлек бір еске алу салтымен жырлайды. Кейіпкерінің арман-мақсатын, ақындық тұлғасын, шығармашылық бітім-жаратылысын өлең егесі жақсы меңгергендей («Сен сүюші ең қыздарды қырмызы гүл, / Сен сүюші ең қаздарды қаңқылдаған») көрінеді. Ақынның

толық таныла алмай кеткен талантын, даралығын, ашыла алмай кеткен дарын-қабілетіне өкініш білдіре сыр ағытады. Қайсыбір сәтте ақындық аңғалдықтың да ұшырасатын тұстары бар. Көңіл көкжиегіне ақынның өзі білетін тұлғасын еркін сыйдырған туындының лирикалық сипаты басым, көркемдік әрі мейлінше шынайылықпен өрілген. Ақын бейнесі шағын жанрда сомдалмасы анық, алайда танытуға ұмтылыс бары аңғарылады.

Ойға батып Әмудің жағасында,
Әзір едің орманда адасуға.
Өлеңменен, ойменен арпалысып,
Түсіп едің сан рет дара сынға.

Сондай едің жүректе өртің барда,
Сендің ерте ақын боп мол тыңдалмай.
Өзің жоқсың өлеңің жатыр ойнап,
Жартастарды толқытқан толқындардай
(Отарәлиев, 1984: 17)
(«Сен сондай едің...»)

Журналист Мылтықбай Ерімбетовтің «Таң шолпан» журналында «Хат деген көздің жасындай» (Ерімбетов, 2018: 97-129) эссесі жарияланып, сол жазбаға жалғас «Бастады мені жол алуан» тақырыбында Марат Отарәлиевтің жарияланбаған хаттары берілген. Эссе авторы ол хаттарды журналист, ақын Әлібек Мейірбекұлының жеке архивінен алған. Мейірбек пен Мараттың арасындағы достық қарым-қатынас олардың жазысқан хаттарынан айқын байқалады.

Марат Отарәлиев негізінен лирик ақын. Өлең-жырларының тақырып ауқымы кең. Махаббат тақырыбы («Көктемнің күнін күтті жыр», «Жаныма неге келмедің», «Хат күтемін», «Сұлулық, кел маған шақырдым», «Шұлы түнді қарсы алайық», «Неге ренжіттің?» т.б.), көңіл күй иірімдері («Кейбір шақтар тебіреніп жаның мұңға», «Бұл жерге көңілді күймен кел», «Қарсы алдыңнан самал соғып, гүл есіп», «Кішкентай күс нені жырлап тұрсың сен», «Уақыт», «Көз», «Қол» т.б.), табиғат тамашалары («Боран», «Ұлпа қар жауған қыс күні», «Күз», «Күз келді ғой», «Аяз. Дала тыныш мүлдем», «Мұрғабтың үсті селдір мұз» т.б.) және ұлттық құндылықтарды («Домбыра», «Маңмаңгер», «Кемпірлер», «Арулар», «От басында» т.б.) – бұл туындылар М.Отарәлиевтің ақындық әлемінің жыр жауһарлары саналады.

Көркем әдебиетте өлең сөздің өрімін құрайтын қуатты құрал әдетте ақынның халық тілін

пайдалану амалымен өлшенеді. Теориялық ұғым-түсінікте өлең-жырдың көркемдік әрін айқындайтын құралдарды фигура мен троптар деп атаймыз. Өлең сөздің оқырманды баурап алар қасиеті тақырып пен идеяға қатысты десек те троп пен фигураның атқарар қызметі де орасан. Өлең сөз мазмұнының көрікті көрінуі оның көркемдік қуатына байланысты. Поэзияда көркем тіл ерекше сипатқа ие. Қазақ тілінің сөз байлығын Марат ақын еркін һәм тиімді пайдалана біледі. Қилы образды тудырушы өрнекті оралымдардың бірі *антоним* сөздер десек, М.Отарәлиевтің поэзиясында ол мол ұшырасады, дегенмен бірер үлгісін беруді жөн көрдік. Аңдағанымыз, ақында қуаныш пен қайғыға байланысты тіркестер жиі кездеседі.

Қуандым, толысып қалса бақ,
Қайғырдым, қалса егер жасып ән.

Таңдар атып, ұясына сөніп күн

Өмір деген мол қуаныш, мол қайғы

Ұмытып қуаныш, қайғыны,
Көп ойдың ішінен табылам.

Өлеңге өң үстейтін құбылыстың бірі *просоподоз (сақина)* – өлеңнің басында және келесі өлеңнің немесе шумақтың соңында қайталанып келуі (<https://kk.scienceforming.com/>) – делінеді. Тілдік ажардың бұл түрі де М.Отарәлиев қолданысында оңтайлы сипат тапқан. Мысалы:

Тебірен сен, домбыра, тебірен сен,
Көтеріліп қалсын бір менің еңсем.

Жүректе жалының көп кезде,
Шулаңдар, достарым, шулаңдар.

Анадиплосис (буын) – сөйлеу сегментінің бірінші бөлігінің соңғы сөзі немесе сөз тіркесі келесі бөліктің басында қайталанатындай бір немесе бірнеше сөздердің қайталануы. Осылайша олар біртұтас тұтастыққа қосылады. Қазіргі стихологиялық терминологияға сәйкес, келесі өлеңнің басында өлеңнің соңын қайталау (<https://otvet.mail.ru/>). Екшеп айтқанда *анадиплоз (буын)*

– өлеңнің немесе шумақтың соңында және өлеңнің немесе шумақтың басында сөзді немесе сөздер тобын қайталау (<https://kk.scienceforming.com/>).

Бала едік, біз, дүние-ай, балғын едік,
Балғын едік әр үйде әрбір елік.

Толы ғой өмір ағысқа,
Ағыссыз өмір сөнбес пе!

Мен оны оқығанмын саған арнап,
Саған арнап кеудемнен самал айдап.

Тағы мен сағыныппын дала түнін,
Дала түні – жаңа әсер, жаңа тыным.

Сол жүректен ұшатын аңқылдап ән,
Ән болмаса бұл өмір салқын маған.

Сонымен бірге ақын туындыларында бірнеше суреттеу құбылысы тізбек (*синоним+анадиплосис+риторикалық сұрау*) түрінде де ұшырасады. Мысалы.

Есіктің алды дария дейсің, көл дейсің,
Алысқа егер аттанып кетсең шөлдейсің.
Арнамым дейсің, жан жарым дейсің, сен дейсің,
Осы бір сәтте жанымға неге келмейсің.

Лирикалық поэзияда өлеңнің басында сөзді немесе сөз таптарын қайталауға құрылған синтаксистік фигурасы – *анафора* дейтін болсақ, М.Отарәлиев жырларында оның сан түрі кездеседі екен. Мысалы:

Алтын заң құйып жанға жылылығын,
Алтын заң ақындардың жыры бүгін.
Ол менің ұлы еңбекке махаббатым,
Ол менің емін-еркін тынығуым.

Өмір өзі асығып өрден-өрге,
Өмір өзі ілгері жол ашады.

Сен сүюші ең қыздарды қырмызы гүл,
Сен сүюші ең қаздарды қаңқылдаған.

Қалды кейін көкшіл мынау дүние,
Қалды кейін көк аспаны орыстың.

Сол сияқты риторикалық сұрауға құрылған *анадиплосис* («буын») пен *анафораның* өзара жымдасып келуі де ұшырасып қалады:

Сағындың ба, сен мені сағындың ба?
Сағындың ба жанымның жаз көктемін
Тағы бір ерекшелік: *анафора*+ассонанс
(өлең тармақтарында бірыңғай дауысты дыбыс-
тардың қайталануы) қосарланып та келе береді.

Осы қолдар қара тасты үй еткен,
Осы қолдар домбыраға күй еккен,
Өзің жайлы ойға кетіп отырам,
Осы қолды маңдайыма сүйеп мен.

Ол – қайрат, көкірегіме қондырды ән,
Ол – сірә, жасалған ғой мол мұрадан.
Оянып кетсе керек қазақ халқы
Осынау күмбірлеген домбырадан.

Анофора мен ассонанс жүрген жерде *эпифора* (сөздердің өлеңнің немесе шумақтың соңында қайталануы) мен *аллитерацияның* (өлең тармақтарында бірыңғай дауыссыз дыбыстардың қайталануы) да бірге жүруі және болуы жай ғана түсіндірусіз заңдылық десек керек-ті. Эпифораға мысал:

Мен білетін едім,
Сенің өмірді сүйетініңді
Мен білетін едім,
Және сүетін едім
Жыр болып жүретініңді
Аллитерацияға мысал:
Сен барда мұңға орын қалмай түк,
Жаныңды от билеп бұл түнде.
Жігітке махаббат жайлы айтып,
Жастығын мазалап жүрсің бе.

М.Отарәлиевтің тіл кестесіндегі және бір жаңалық – *метонимия* (өзара ұқсас балама ұғымдарды қайтадан атау) мен *гиперболаның* (құбылысты шектен асыра зорайтып суреттеу амалы) иық тіресіп, қолтықтасып келуі. Мәселен:

Жастық өзі сөйлейді алға шығып,
Әр сөйлемі тонналап көмір қашап.
Осы мысалдағы *метонимия* – жастық – сөзі

жас адамның орнын алмастырса, әр сөйлемі тонналап көмір қазу – *гипербола* бола алары хақ. Ал гиперболаның сан түрлі үлгілері бар екен:

Теңіз ғып төктік саған терімізді,
Жайылды алдымызға сан асылың.

Бүгін мен жанарымнан от шығарам,
Жалындап сенен туған кеудпеменен

Шыңынан Алатаудың бір-ақ қарғып,
Сүңгісің қарт Каспийдің тереңіне.

Жазылды тарихтың томдары өсіп,
Құдайдың құдіреті қолға көшіп,
Біз болдық ертегінің батырлары,
Аттаған ізімізге орман өсіп.

Осы көше бойында жайлап басып,
Барады ойлар сабырлы қалпыменен

Бұл соңғы мысалда *барады ойлар* тіркесі – *адамдар* орнын аластырып, жай метонимия боп тұр.

Осы сияқты *эпитет*+*метафора*+*анфора* үшеуі шоғырланып кеп, әдемі сурет тізбегін құрайды. Мысалы:

Кеудемді кернеп шат үміт,
Құйқылжи берші күй-ана.
Біреулер тауға атылып,
Біреулер қонсын ұяға.

Ал мына төмендегі мысалда *просоподоз* бен *метофора* өзара иық тірестіріп келіп тұр және бұл жерде жауапты талап етпейтін *риторикалық сұрақ* та туындыға әр үстеген.

Сен аспан, ал, мен толқынды көлге ұсап қап,
Тұрмайсың неге, тұрмайсың ылғи құшақтап?

Просоподоз (сақина) бен *эпифораның* жұпта-суына мысал:

Мен білетін едім,
Сенің өмірді сүйетініңді.
Мен білетін едім
Және сүйетін едім
Жыр болып жүретініңді

Қайтесің мұндайда отты өзге,
Сол отты жоғалтып тұрған бар,

Менің кеудем қара күздің жаңбырына малшынар,
Мүмкін туған жерім шығар, мынау жасыл жер шығар.
Мүмкін аппақ махаббат ол – әкелетін маған мұң,
Әлде, әлде шат күлкісі бейтаныс бір адамның.

Марат Отарәлиевтің қолданысында көркем-деуіш құралдардың (троп пен фигура) алуан түрі бар десек те оның баршасы халық тілінің жемісі. Алайда ақынның өзі тудырған авторлық эпитеттер же жоу емес. Мысалы: нұрлы арман, таз шағыл, тентек жел, мың үміт, бұрқыраған өлеңдер, қырмызы қылық, аппақ бауыр, жыршы күн, жалынды ай, от бейне, сыбызғы дәурен, кәрі жыңғыл, жыршы күн, жыр із, нәп-нәзік сезім, албырт арман, үмітті күн, жібек самал, келте кекіл, алтын шашты бала жігіт. Осы сынды авторлық метафоралар да кездеседі. Мысалы: дастархан-көл, жастық-қайрат, орман-ана, мен де бір жанған шырағың, мен де бір тентек құлының, дариясыздар сіздер, кеуделеріңе қаз қонып, арулар-қарлығаштар, өзіңді шыңдағы гүл, арман дедім, күс болып ұшып оралам т.б.

Тасмұқан Тінәлиев: «Тағдырмын ерте жоғалған» атты толғанысқа толы жазбасында «... Жастықтан бас көтере алмай жатқан Марат қасына інісі Қадырбекті шақырады. Інісі қара дәптерді алдына ұстап отыр. Осы кезде манадан көңілі ояу, көкірегі сайрап жатқан ақынның қаламынан өлең құйылып кеткендей болады. Оның бұл жолғысы «Тәңірге хат» хат екен. Өлең аяқтала келгенде көкірегінде демі бітіп, дәрігер оны оттегімен демалдыра бастайды. Бір сәт көзін ашқан ақын дәптер мұқабасының ең соңына жоғарыдағы бір шумақ өлеңді жазғанда қолынан қаламы түсіп, мәңгіге көз жұмды» (Отарәлиев, 2002:6)

Нәсіпқали Төлегенов өз жазбасында «Жүмекең бір әңгімесінде Марат ақын ауыр науқастан қайтыс болғаннан кейін алғашқы сағаттарда үйіне барғанда, төсегінің астынан ақ қағазға жазылған бір шумақ қана өлең жолдарын тауып алғандарын айтып еді. Онда былай жазылыпты:

Шақырды мені жол алуан,
Тағдырмын ерте жоғалған.
Жеткізбей кетті-ау, қайтейін,
Кеудемде толы көп арман...
Қайран, бір кем дүние...

Ақын жүрек өмірден ерте озарын күні бұрын білген екен ғой. Бұл аманат өлең жолдары қазақтың көрнекті ақыны Марат Отарәлиевтың мәңгілік мекені «Тендік» қауымындағы қабірінің басындағы құлпытасында жазулы тұр» еске алады (Төлегенов: Әдебиет порталы URL: <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/>)

Қорытынды

Жалпы алғанда Марат Отарәлиев қазақ поэзиясына өз үнімен келген ақын. Ақын лирикасының тақырыптық-идеялық көкжиегі мейлінше аса кең, Ақын қай тақырыпта жырласа да оқырманына ой салып отырады. Ол өзі өмір сүріп отырған қоғамның әлеуметтік мәселесінен гөрі жалпы адамзатқа ортақ мәселелерге қалам тартқанды ұнатады. Олай деуіміздің бірнеше себептері бар. Біріншіден, М. Отарәлиев сезімнің ақыны, қандай тақырыпта жырласа да адамның ішкі дүниесін көре біледі, тани біледі. Оның өлеңдерінің табиғатында лирикалық кейіпкердің бітім-болмысы жан-жақты сипатталып, айқара ашылатыны да сол себептен.

Екіншіден, М. Отарәлиев да адами құндылықтарды бәрінен жоғары қояды. Оның туындыларында қоршаған ортаға құрметпен қарау, мейірім төгу сияқты ыстық ұғымдар алдыңғы орында көрінеді;

Үшіншіден, ақынның өзіне тән стильдік ерекшелігі бірнеше қабаттардан тұрады. Ол: өзінің ақындық идеялық мұратын екшей білуі; ойға алған тақырыбын жете зерделей алуы; лирикалық кейіпкердің тұлғасын өмірдің өзінен алып шанымды бейнелеудегі шеберлігі.

Төртіншіден, ақын кейіпкерлері ұдайы ойда, толғаныста жүреді. Ақын жанына жақын тақырып – отбасы құндылығы, туған жерге сүйіспеншілік, адам баласын қоршаған табиғатқа құрмет.

Бесіншіден, ақын туындыларында оқырманын жетелеп, ойландырып отыратын үзілмейтін бір алтын желі бар, ол – мұң мен сағыныш. Әр шығармасы нәзік сезімге құрылып, лирикалық бейне немесе автордың өзі ой тізгінін оқырманға ұстатып, сыр бөлісіп отырады, яки ақында бәрі ашық, бүкпесіз сыр ағытуға асық.

Алтыншыдан, ақын өзі өмірден көрген, түйгендерін шығармасына тақырып етіп алып, көркем туындыға айналдырудың шебері. Ақын аз ғана ғұмыр кешсе де оның лирикасында данагөй насихат, салмақты ойлар, тұщымды пайымдар жатыр.

Жетіншіден, бұл енді басты ерекшелік деуге болады, ақындық шеберлігі. Марат Отарәлиевтің ақындық болмыс-бітімін құрап тұрған негізгі тірек-іргетас, оның тілінде. Марат қазақтың тіл байлығын еркін игеріп, меңгерген және оны толықтырып байытқан ақын санатында. Сөз өнерінің күдірет-қуатын өз туындыларында жан-жақты ұғындырып, жете қолдана білген ақынның тіл байлығы нәтижесінде ұлт поэзиясында тың көркем фразеологиялық тіркестер пайда болды. Ақын өзіне ғана тән авторлық құқыққа ие троптар мен фигуралар туғызды, яки тыңнан

өрнекті сөз иірімдерін сөздік қорымызға ендірді.

Жинақтай түйіп айтқанда Марат Отарәлиев қазақ поэзиясының ақ отауының төрінен өз орнын ойып алған артына өлмес, өшпес із қалдырған ақын деуімізге толық мүмкіндік бар.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан АР19676441 «Жайық-Каспий өңірі ақын-жазушыларының әдеби мұрасы мен қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиеті» жобасы аясында қаржыландырылған.

Әдебиеттер

- Уалиханов Ш. Таңдамалы. 2-бас. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
- Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.
- Hazlitt W. On Poetry In General, 1818, from Saylor. [Electronic resource]. – URL: <http://www.saylor.org/courses/engl404/> (Date of use: 10.04.2024)
- Lyric Poetry: Expressing Emotion Through Verse. (n.d.-b). ThoughtCo. Retrieved May 9, 2021. [Electronic resource]. – URL: <https://www.thoughtco.com/lyric-poem-definition-examples-4580236> (Date of use: 18.04.2024)
- Белокурова С.П. Словарь литературоведческих терминов. – СПб.: Паритет, 2006. – 314 б.
- Русова Н.Ю. От аллегории до ямба: Терминологический словарь-тезаурус по литературоведению / Н.Ю. Русова. – Москва: Флинта; Наука, 2004. – 304 с.
- Литературный энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1987. – 750 с.
- Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- Торайғыров С. Сарыарқаның жаңбыры. – Алматы: Жазушы, 1987. – 224 б.
- Жұмабаев М. Шығармалар. 2,3 том. – Алматы: Білім, 1996. – 512 б.
- Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы. Кітапта: Бес арыс. – Алматы: Жалын, 1992. – 544 б.
- Сөз зергерлері: қалалық кітапхана. [Электронды ресурсы]. – URL: https://vk.com/wall308815649_1099 (Пайдаланылған күні: 18.04.2024)
- Отарәлиев М. Қалампыр. – Алматы: Жазушы, 1966. – 40 б.
- Отарәлиев М. Жас дәурен. Өлеңдер. – Алматы: Жалын, 1984. – 56 б.
- Төлегенов Н. Марат Отарәлиев // Әдебиет порталы, 2013. [Электронды ресурсы]. – URL: <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/> (Пайдаланылған күні: 11.05.2024).
- Ерімбетов М. Хат деген көздің жасындай // Таң шолпан. – 2018. – №2. – Б. 97-129.
- Отарәлиев М. Өлеңдер/ Марат Отарәлиев. – Алматы: Арыс, 2002. – 192 б.
- Тінәлиев Т. «Тағдырмын ерте жоғалған» // Кітапта. Марат Отарәлиев. – Алматы: Арыс, 2002. – 292 б.
- Тұрсынбайұлы Б. Қоштаспай кеткен бір ақын (Марат Отарәлиев туралы бір сөз) // Қазақ әдебиеті. – 2013 ж., 24 мамыр. – №21 (3341).

References

- Aimaulytov, J. (1992). Magjannyng aqyndygy turaly. Kitapta: Bes arys [About the poetry of Magzhan. In the book: Five Stars]. Almaty. (in Kazakh)
- Baitursynov, A. (2003). Adebiet tanytqysh. Zertteu men olengder [Literature guide. Research and poems]. Almaty. (in Kazakh)
- Belokurova, S.P. (2006). Slovar' literaturovedcheskih terminov [Dictionary of Literary Terms]. SPb. Paritet. (in Russian)
- Dulatov, M. (1991). Shygarmalary [Works]. Almaty. (in Kazakh)
- Erimbetov, M. (2018). Hat degen kozding jasyndai [The letter is like tears]. Tang sholpan. Vol. 2, P. 97-129. (in Kazakh)
- Jumabaev, M. (1996). Shygarmalar. 2,3 tom [Works. Volumes 2, 3]. Almaty. (in Kazakh)
- Lyric Poetry (2021). Expressing Emotion Through Verse. (n.d.-b). ThoughtCo. [Electronic resource]. URL: <https://www.thoughtco.com/lyric-poem-definition-examples-4580236> (Date of use: 18.04.2024) (In English)
- Literarnyj enciklopedicheskii slovar (1987). [The Literary Encyclopedic Dictionary]. Moscow. 1987. (in Russian)
- Otaraliev, M. (1984). Jas dauren. Olengder [Youth. Poems]. Almaty. 1984. (in Kazakh)
- Otaraliev, M. (2002). Olengder/ Marat Otoraliev [Poems / Marat Otoraliev]. Almaty. 2002. (in Kazakh)
- Otaraliev, M. (1966). Qalampyr [Carnation]. Almaty. 1966. (in Kazakh)
- Rusova, N.Ju. (2004). Ot allegorii do iamba: Terminologicheskii slovar-tezaurus po literaturovedeniiu [From Allegory to Iambic: A Terminological Dictionary-thesauros on literary Studies]. Moscow. 2004. 304 p. (in Russian)

- Soz zergerleri: qalalyq kitaphana (2020) [Jewelers of the word: City Library\ // vk.com\wall308815649_1099 Vkontakte, 20 мамыр 2020 жыл (in Kazakh)
- Toraigyrov, S. (1987). Saryarqanyng jangbyry [Rain of Saryarka]. Almaty. 1987. (in Kazakh)
- Tolegenov, N. (2013). Marat Otariyev [Marat Otariyev]. Adebiet portaly [Literature portal]. [Electronic resource]. URL: <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/> (Date of use: 11.05.2024) (in Kazakh)
- Tinaliev, T. (2002). “Tagdymyn erte jogalgan”. Kitapta. Marat Otariyev [“Lost my destiny early”. In the book. Marat Otariyev]. Almaty. 2002. (in Kazakh)
- Tursynbaiuly, B. (2013). Qoshtaspai ketken bir aqyn (Marat Otariyev turaly bir soz). Qazaq adebieti [Kazakh literature]. Vol. 21 (3341). (in Kazakh)
- Ualihanov, Sh. (1985). Tangdamaly. 2-basylym [Selective 2nd edition]. Almaty. (in Kazakh)
- Hazlitt, W. (1818). On Poetry In General, 1818, from Saylor [Electronic resource]. URL: <http://www.saylor.org/courses/engl404/> (Date of use: 10.04.2024)

Авторлар туралы мәліметтер:

Мутиев Зинулла Жаксылыкович – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті (Орал қ., Қазақстан, e-mail: zinulla_mutiev@mail.ru);

Мұханбетова Жангүлім Өтепбергенқызы – педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Тіл, әдебиет және ақпарат білім беру бағдарламаларының жетекшісі, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті (Орал қ., Қазақстан, e-mail: janim.03.95@mail.ru);

Ажғалиев Марат Каиржанович – филология және оқыту әдістемесі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, кафедра меңгерушісі, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті (Орал қ., Қазақстан, e-mail: marat_ajigaliev@mail.ru).

Information about authors:

Mutiev Zinulla Zhaksylykovich – candidate of philological Sciences, Associate Professor, West Kazakhstan University named after M. Utemisov (Uralsk, Kazakhstan, e-mail: zinulla_mutiev@mail.ru);

Mukhanbetova Zhangulim Utepbergenovna – master of Pedagogical Sciences, senior lecturer, head of educational programs in Language, Literature and Information, West Kazakhstan University named after M. Utemisov (Uralsk, Kazakhstan, e-mail: janim.03.95@mail.ru);

Azhgaliyev Marat Kairzhanovich – associate professor of the Department of philology and teaching methods, candidate of Pedagogical Sciences, head of the Department, West Kazakhstan innovation and Technology University (Uralsk, Kazakhstan, e-mail: marat_ajigaliev@mail.ru).

Келін түсті: 19 шілде 2024 жыл.
Қабылданды: 27 қараша 2024 жыл.